

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Қызылорда. 1927. – 341 б. - кітап
- 2) Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 298 б. - кітап
- 3) Есекеев Ж. Көкшенің бүгінгі Біржаны // "Көкшетау" газеті. – 1993. Сәуір - 6. – газет
- 4) Әлімжанов Б. Алаш пен Манас. – Новосибирск, 2004. – 435 б. – кітап
- 5) Жармұхамедұлы М. Қазақ поэзиясының айтыс жанры: тегі мен дамуы. Ф.ғ.д. ғыл. дәреж. алу диссер. автореф. – Алматы, 2001. – 34 б. - диссертация
- 6) Қойлыбаев Ш. Қазіргі айтыстың идеялық-көркемдік ерекшеліктері. ф.ғ.к. ғыл. дәреж. алу диссер. автореф. – Астана, 2009. – 45 б. – диссертация
- 7) Дүйсенов М., Сейдаханов М., Негимов С. Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. – Алматы: Ғылым, 1982. – 356 б. - кітап

ХҒТАР 14.07.07

Х. Таджиев¹, Т. Қыдыр², М. Сайфуллаев³

¹*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,*

²*М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан*

³*Өзбекстан Республикасы Ғылым Академиясы,
Ташкент, Өзбекстан*

ШӘДІ ЖӘНГІРҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ “ҚАЗЫНАЛЫ ОҢТҮСТІК” КӨПТОМДЫҒЫНДА ЖАРИЯЛАНУЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанның оңтүстік өңірінде 2009-2015 жылдары жүзеге асырылған “Қазыналы Оңтүстік” жобасы аясында қазақ тілінде жарық көрген түркі халықтарына ортақ құнды жазба мұралар қазақ әдебиеті тарихының бес кезеңі бойынша талданып, гуманитарлық ғылымдарға қосқан үлесі жайында сөз қозғалады.

Нәзира дәстүрін меңгерген қазақтың бірқатар “қиссашыл ақындары” Шығыс хикаяларының желісіне ғажайып дастандар жазғаны мәлім. Олар: Ақылбек Сабалұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіпбек Шайхисламұлы, Ораз молда, Ақмолла Мұхаммедиярұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы сияқты шығыс классикалық дәстүрінде тәрбиеленген сөз зергерлері гуманистік идеяларды ту етіп көтерді. Олар түрлі хикая-хикметтер желісін пайдалана отырып, өздері өмір сүрген дәуірдің аса маңызды қоғамдық әлеуметтік мәселелерін көтере білді. Сондай ақындардың бірі хәм бірегейі қазақ әдебиеті тарихында ерекше орны бар тұлға, XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында өмір сүрген ақын – Шәді Жәңгірұлы. Ақынның Назым Сияр-Шариф, Әмір Хамза, Фикһ Кайдани, Хикаят Абу Дарда, Балғам Бағур, Хикаят Қамар Замансынды шығармалары жайлы дәйекті деректер ұсынылады.

Мақаланың негізгі мақсаты – жарияланған әдеби мұраларды Ұлы дала мұралары ретінде әлемдік ғылым кеңістігіне кеңінен таныту болып табылады.

Түйін сөздер: Шәді Жәңгірұлы, Қазыналы Оңтүстік көптомдығы, қисса-дастандар

Kh. Tadzhiyev¹, T. Kydyr², M. Sayfullayev³

¹ KazNU named after al-Farabi,

² Institute of Literature and Art named for M. Auevov,
Almaty, Kazakhstan

³ Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan,
Tashkent, Uzbekistan

LITERARY HERITAGES OF THE SHADI JANGIRULY AND PUBLICATION IN THE MULTIVOLUME “KAZYNALY ONTUSTIK”

Abstract

The article deals with the valuable heritage of the Turkic peoples, published in the Kazakh language in the framework of the project “Kazynaly Ontustik” (“Wealth of the southern region”), which is implemented in the course of the State program of the Republic of Kazakhstan “Cultural heritage”.

A number of Kazakh “poetry poets” who know the traditions of Nazira have written marvelous stories by East bearings. They are Akylbek Sabaluly, Shady Zhaniruly, Zhusipbek Shaykulislamuly, Oraz mullah, Akmolla Mukhammediyaruly, Mailykozha Sultankozhauly. “Jewelers of words” such as Madeli Zhusipkozhauly who brought up by East classic tradition supported aforesaid humanistic ideas. By using variety of the stories and wisdoms, they raised the most substantial social issues of their times.

The article discusses information about the poet Shadi Zhaniruly, who occupies a special place in the history of Kazakh literature, which lived in the second half of the 19th, at the beginning of the 20th century in the southern region of Kazakhstan. There are also reliable facts about his works like Nazym Siyar Sharif, Amir Khamza, Fikh Khaydani, Hikayat Abu Darda, Balgam Bagur, Hikayat Kamar Zaman.

The main goal of the project is to open the way for the research of the world scientific space of the published literary heritage.

Key words: Shadi Zhaniruly, multi-volume wealth of the southern region, kissa-dastans

Х.Таджиев¹, Т. Кыдыр², М. Сайфуллаев³

¹ КазНУ имени аль-Фараби,

² Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова,
Алматы, Казахстан

³ Академии наук РУЗ,
Ташкент, Узбекистан

ЛИТЕРАТУРНЫЕ НАСЛЕДИЯ ШАДИ ЖАНГИРУЛЫ И ОПУБЛИКОВАНИЕ В МНОГОТОМНИКЕ “ҚАЗЫНАЛЫ ОНТҮСТІК”

Аннотация

В статье рассматривается ценное наследие тюркских народов, опубликованное на казахском языке в рамках проекта “Қазыналы Онтүстік” (“Богатство южного края”), которое реализован 2009-2015 годах в ходе Государственной программы Республики Казахстан “Культурное наследие”.

В истории казахской литературы поэты поднимавшие гуманистические идеи как Акылбек Сабалулы, Шади Жангирулы, Жусипбек Шайхисламулы, Ораз молла, Акмулла Мухамедиярулы, Майлыходжа Султанходжаулы, Мадели Жусипходжаулы написали замечательные дастаны. Они поднимали ряд важных социальных вопросов благодаря использованию различных жанров рассказывания историй литературы. Один из них поэт Шади Жангирулы занимает особое место в истории казахской литературы, который жил в конце 19-го и в начале 20-го века в южном регионе Казахстана. В статье имеются достоверные факты о его произведениях такие как Назым Сияр-Шариф, Амир Хамза, Фикх Кайдани, Хикаят Абу Дарда, Балгам Багур, Хикаят Камар Заман и др.

Основная цель статьи – открыть путь для исследования мирового научного пространства опубликованного литературного наследия. Дать возможность для изучения мировой общественностью материалов литературно-культурных памятников, путем сбора, анализа, и публикации данных.

Ключевые слова: Шади Жангирулы, многотомник Казыналы Онтүстик, кисса-дастаны

Кіріспе. Қазақ әдебиеттану тарихындағы ең қызықты арнаулы кезеңнің бірі – XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиет. Бұл әдеби кезең түрлі пікірлер мен ұстанымдардың қалыптасуына әсер еткен, әдеби жанрлар мен діни танымға негізделген әсіресе, діни-ағартушылықты мақсат тұтқан шайырлық дәстүрдің қалыптасқан кезеңі.

Адамгершілік пен Ұлы Жаратушыға деген шынайы махаббатты, адамға деген адалдық пен шынайы достықты, бір сөзбен айтқанда имандылықты ту еткен ортағасырлық шығыстық қиссалар осы кезеңде уақыт талабымен қайта жырланып, ақындар тарапынан өңделіп, назиралық дәстүр негізінде қазақ әдебиетінің төл шығармаларына айналды. Қоғамды Ислам діні арқылы тәрбиелеуде бұл кезеңде жазылған қисса-дастандар ерекше рөл атқарды.

Дәл осы мәселені ғалым С.Өмірзақов “Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті” еңбегінде М.Әезовтың сөзімен түйіндепті: М.Әуезов “Әдебиет тарихы” еңбегінде үлкен ағымға айналған діни қиссалардың кірмеу себебін, дін сарынымен айтылған үгіт-өсиет өлеңдерінің де тексерілмегендігін, осы ағымға кіретін ақындардың атаусыз қалып бара жатқандығын атап айтып, ескертпе жасағаны мәлім. Ғұлама ғалымның ислам дінінің ескіліктің барлық белгісімен қатты алысқандығын, ескі дінді еске түсіретін ұғымның бәрін жоғалтып жібергендігімізді қадай айтып, “мұсылманшылыққа ауысқан соң, қазақ биік белден асып кеткендей болды” – деп, ерекше мағына беріп айтуында Орта Азия мен қазақтың оңтүстігіндегі тарихи-мәдени өмірдің басқаша сипат алуына игі әсерін терең пайымдауы көрінеді[1.,14].

Мұхтар Омарханұлының: “Елге не жайылса да, әдебиет жұрнағы болып, әдебиет өлшеуінің біріне түскен соң ғана жайылатын болған. Өлеңсіз, әңгімесіз, сұлу сөзсіз келген құрғақ үгіт болса, ондайды ел тындамаған да, ұқпаған, ықылас қоймайтын болған...” – деп, Қазығұрт-Қаратау аймақтық мектебінің өкілдеріне тән дидактикалық бағыт пен ағартушылық сарынның дәл осы мәселе төңірегінде табылғандығын анықтап, ашып көрсетуі іргелі зерттеулерге түрткі болып келеді[2., 9].

Әдістеме. Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткізген тұжырымдар мен түйінді нәтижелер ЖОО-ның филология факультеттерінде, әсіресе, қазақ әдебиеті тарихының XIX-XX ғасырлардағы әдеби кезеңдерін зерттеу, сондай-ақ автор шығармашылығының талдануы немесе сол кезеңде өмір сүрген, әдеби жазба мұраларын қалдырған ақындар шығармашылығын зерттеу бойынша арнайы курстарда талдау жүргізу үшін пайдалануға болады. Сондай-ақ әдебиет тарихы мен қатар әдебиеттану, әдебиет теориясы сабақтарында арнайы лекциялар ұйымдастыруға болады.

Нәтижелер. Тәуелсіздігіміздің отыз жылға жуық уақытында әдебиет зерттеушілері тарапынан қолға алынған көлемді жобалар аясында қазақ жазба әдебиетінің қаншама “перде артында” қалып қойған әдеби жәдігерлері анығырақ айтқанда, қисса-дастандар том-том кітаптарға еніп, оқушыға жол тартқанымен оның идеялық мәнін ашып беретін зерттеулер әлі де болса аз. Осы бастықтың орнын аз да болса толтыру мақсатында әдебиет тарихының XIX ғасыры мен XX ғасырдың алғашқы ширегінде жазып қалдырылған қазақ қисса-дастандарында, арнайы түрде Шәді ақын шығармаларында Ислам дінінің насихатталуы, адами құндылықтардың маңыздылығы, иман мәселелері һәм оның тәрбиелік мәні жайлы ізденістер жасалынды.

Талқылау. Қазақстанның оңтүстік өңірінде туылып, өз дәуірінде сол өңірде әдеби жазбаларын қалдырған ақын-шайырлар және олардың әдеби шығармашылық мұрасын зерттеу бүгін әдебиет зерттеушілерінің алдында тұрған маңызды мәселе. Әрине, бұл көлемді жұмыс. Оны бір мақала шеңберінде зерттеп, талқылау мүмкін емес. Сондықтан алдағы уақытта зерттеушілер назарына түсуі үшін біз осы зерттеу жұмысымызда олар туралы аздап мәлімет ұсынғанды жөн деп санадық. Зерттелу деңгейіне байланысты бұл кезең өкілдерін екі топқа жіктеп қарастырдық.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүрген, қазақ әдебиеті тарихында ғалымдар тарапынан өмірі мен шығармашылығы біршама зерттелген, бірақ әлі де болса жазып қалдырған мұралары толық жарық көрмеген ақындар шығармашылығын алғашқы топқа енгіздік. Олар: Жүсіпбек Шайхисламұлы, Шәді Жәңгірұлы, Мәделі Жүсіпқожаұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Майкөт ақын, Ұлбике мен Жанкел ақындар, Молда Мұса Байзақұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Италмас Тұнқатарұлы, сынды әдебиет өкілдері.

Екінші топта – Қозы Оспанұлы, Тұрар Байсариев, Мұса Жұманазарұлы, Тұрлыбек Сұлтанбекұлы, Қалыбай Мәмбетов, Сары Дәулетұлы сынды ақын-шайырлар мұралары. Бұл ақындардың жазба мұралары жаңадан табылып, алғаш рет баспаға ұсынылды.

Қазақ әдебиетінде өзіндік із қалдырған алғашқы топтағы шайырлардың біршама шығармалары бұрын баспа бетін көріп, отандық әдебиетші ғалымдарымыз тарапынан зерттелген. Әйтсе де, 2009-2015 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қолдауымен Оңтүстік өңірінің тарихи-рухани

мұраларын жинақтауға арналған экспедиция жұмыстары кезінде олардың бұрын баспа бетін көрмеген, қолжазба күйінде сақталған әдеби жазбалары табылды. Сондай-ақ, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының қолжазбалар қоры мен жеке тұлғалардың қолжазба қорларынан XX ғасырдың басында Қазан, Ташкент, Орынбор сынды қалалардағы танымал баспаларда төте жазумен баспадан шыққан шығармалар жинақталды. Салыстырмалы зерттеу нәтижесінде бұрын жарық көрмеген шығармалар қазіргі қазақ графикасына түсіріліп, “Қазыналы Оңтүстік” көптомдығы, Түркістан кітапханасы сериясымен баспаға ұсынылды.

Жазып қалдырған әдеби мұраларымен ерекше орын алған ақындардың бірегейі Шәді Жәңгірұлы. Шәді медреседе оқыған ислами пәндерінің негізінде дастандар жазып отырған. Мысалы медреселерде оқытылатын Мұхаммед пайғамбардың (Алланың игілігі мен сәлемі болсын) өміріне (Сиярун-наби) “Назым Сияр Шариф” дастанын жазса, Ислами фәлсафаға “Ахуал қиямат” дастанын, шарифат іліміне “Фикһ Кайдани” шығармасын, пайғамбарлар өмір тарихына (Қиссасул әнбия) “Ибраһим пайғамбардың хикаяты”, “Хазірет Мұса мен Перғауын”, “Дәуіт уақытындағы рәйіс” сияқты діни дастандарын тудырған. [3., 22] Ақынның бұрын бірнеше рет баспа бетін көрген “Назым Сияр Шәриф” дастаны филология ғылымдарының кандидаты, доцент Төрәлі Қыдыр тарапынан түпнұсқадан қайта оқылып, бұрынғы авторлар тарапынан жіберілген кемшіліктер жөнделіп, көптомдықтың 80-81-82 томдығына баспаға ұсынылды. Алла елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.)-ның өмір жолын баяндауға арналған 3 томға жүк болып отырған, поэзия түрінде жырланған көлемді шығарма Расул Алланың (с.ғ.с.) туған күнінен бастап, Пайғамбарлық уахидің түсуі, асыл дініміз Исламды тарату жолында көрген ауыр азаптары мен қиындықтары, Мекке қаласынан Мәдинаға хижрат еткені, ансарилердің Исламды қабылдағаны аса қызықты әрі кез келген оқырманға тартымды етіп жырланған.

Бұрын баспа бетін көрмеген, қолжазба күйінде 4 қалың дәптерден тұратын, ұрпақтарының қолында төте жазу және латын әріптерімен жазылған күйі сақталған, Алла елшісі Мұхаммедтің (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) немере ағасы Хамза Әбдімүтәліпұлының қасиетті дініміз Исламды насихаттаудағы ерлік істерін жырлаған шығармалардың бірі – “Өмір Әмзе” дастаны. Дастанның асылмәтінін Оңтүстік өңірінің әдеби мұраларына арналған экспедиция жұмыстары кезінде облыстық “Қазығұрт” ғылыми зерттеу орталығының жетекшісі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Саттар Досалыұлы халық мұрасын жинаушы Қысыраубек Амантаев қолжазбалары арасынан тапқан. Қалың төрт дәптерден тұратын дастан қолжазбасы көшірілуі жағынан да, сақталуы жағынан да өте сапалы күйде сақталған. Дастан толығымен қазіргі қазақ тілі қарпіне түсірілді және академиялық басылым ретінде алты томға жүк болып, көптомдықтың 83-88-томдарында жарияланды.

Шәдінің әуел бастан Ислам тарихына қатысты тың деректерді халқына өлеңдетіп жеткізе алатын талантынан және оның парсы тілін жетік меңгергенінен хабары бар замандастары ақынға парсы тілінде жазылған осы дастанды түркі халықтарына ыңғайлы етіп аударма жасауын сұрайды. Сондықтан болар ақын дастанның алғашқы бөлігінде оны жазылу тарихынан хабар беріп өтеді:

Бір күні маған айтты бағзы кісі,
Әмзенің қызық екен қылған ісі.
Біздерге есітпекке қиын болды,
Парсыға бұл кітаптың жазылмышы.
Түркіге шығарсаңыз бұл Әмзені,
Өзіміз жүрер едік оқып оны.
Әмзеге рахмет сөзін айтар еді,
Есітіп ақырғаша халықтың бәрі.[2., 13]

Осы арада ортақ тіл, әліпби мәселесіне көңіл аудара кеткеніміз артық болмас. XX ғасырдың 30-шы жылдарына дейін түркі халықтары бір-бірін араб графикасына негізделген ортақ жазу үлгісімен түсініп, өзара тығыз байланыста өмір сүріп келгені мәлім. Жоғарыда Шәді ақынға замандастары “түркіге шығарсаңыз” деп ұсыныс тастауынан мақсат қазақ ақынының аудармасын түркі халықтарының басқа өкілдері де түсініп оқи білген. Әсіресе, бұл ұсыныстың Шәдінің өзбек, татар достары тарапынан айтылуы әбден мүмкін. Себебі, Шәді өзінің кітап бастыру ісінде Ташкенттік және Қазандағы Орта Азияға танымал ғалымдармен тығыз байланыста болғандығын аңғару қиын емес. Сондай-ақ “Шәді шығармаларының тілін зерттеу” мәселесі алдымызда тұрған тілші ғалымдар тарапынан зерттелуі тиіс басы ашық мәселелердің бірі екені де көрініс беріп отыр.

Ал енді Шәді ақынның адамзатқа адал, риясыз ойын тыңдайық:

Ойландым өз көңіліме қиял кіріп,
Шығарсам бұл кітапты түркі қылып.
Түркігөй мұсылмандар өздері үшін,
Мазмұнын ақырғаша жүрсө біліп.
Өмзені есіткендер қылса дұға,
Жеткізсе әруағына оны Құда.
Менің де рухы пәкім риза болғай,
Түркі етіп болған үшін себеп мұнға.
Зікір етсем кеше-күндіз алып тілге,
Тәм болса кітабымда атым бірге.
Ақыма “Қызмет еткен перзентім!” – деп,

Ғажап жоқ қасына алса Махшар күнде – [2.,13]дей келе, Ислам тарихында ерекше қастерлі тұлға, Өмзе Әбдімүтәліпұлы туралы тарихи деректерді шынайы түрде түркі халықтарына түсінікті тілмен жеткізуді мақсат етті. Империя тарапынан елге жіберілген христиан миссионерлердің арбауына жұтылып кетпес үшін Өмзедей Исламға берік болуды оның ерлік істерінен үлгі алуды насихаттады.

Зерттеушілер үшін Шәді шығармаларындағы тағы қызық мәліметтердің бірі, ақын өз атын бүркемелеп береді.

Көргендер бұл кітапты назар салып,
Кім айтқан? – деп ойласа көңіліне алып.
Атымды осы жерде изһар еттім,
Жүрсін деп ақырғаша хабарланып.
Шин, алиф, дәл менен йай әрпі ерүр,
Баршасын қосып айтса атым келүр.
Қожа Ахмет Иасауидің үкімінде,
Аждадын Абылайханның інің дей-дүр.
Атымды изһар етіп мен білдірдім,
Дуанадан жоқтағай деп үміт қылдым.
Өмзенің аруағынан жәрдем тілеп,

Айтпаққа әуелінен қалам ұрдым – [2.,16] деп, муамма тәсілімен жазып шыққан. Мұндағы “Шин” сөзі – “Ш” әрпі, “алиф” сөзі – “Ә” әрпі, “дәл” сөзі – “Д” әрпі, “йай” әрпі “Г” әрпі. Сонда “Шәді” деген сөз шығады. Ақынның шығармада өз атын не шығарманың жазылған жылын, немесе өз атын жасырып беруін *муамма тәсілі* десек, бұл дәстүр ортағасырлық араб, парсы әдебиеттану ғылымында кең өрістегені мәлім. Мұндай шеберлікті Шығыс мұсылман әдебиетімен сусындаған, соның ішінде, Бұқара медресесінен тәлім алған ақындар көп қолданған. Солардың қатарында Кете Жүсіп, Қаңлы Жүсіп, Мәшһүр Жүсіп, Тұрмағанбет Ізтілеуов сияқты ақындарды атауға болады.

Қиссада Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) емшектес бауыры, сахабасы әрі ең сенімді серіктерінің бірі – Хамзаның Ислам дінін таратудағы ерлік істері кең баяндалып, биік пафоспен жырланған, академиялық басылым ретінде көлемі 6 томға жүк болған поэзиялық шығарманың сол кезеңнің өзінде қолдан қолға өтіп, жергілікті халықтар арасында тарап отырғаны тілге жеңіл, оқырманын бірден баурап алатынымен бірге тарихи оқиғаларды шынайы түрде жеткізіп беруі ақынның ақындық өнерінің жетілгендігі һәм діни сауаты молдығынан хабар берсе керек. Ал шығарманың тілдік ерекшеліктері жоғарыда айтылғандай әрине, өз алдына бөлек мәселе.

Әрбір мұсылман үшін иманның негізгі 7 шартының бірі болып табылатын “Ақырет күнінің болуына сенім” және ол күнгі Ұлы Алла тағала тарапынан жүргізілетін есеп-қисап күнінің оқиғалары. Ақынның осындай шоқтығы биік туындыларының бірі – “Ахуалы қиямет” шығармасы. Бұл туындыда әрбір адамзат баласының өлер алдындағы жағдайы, Мүңкір-Нәңкірдің сұрақ-жауабы, қабір азабы, о дүниеде кездесетін әртүрлі қиындықтар мен машақаттар, бұл дүниеде сынақтардан сүрінбей өткен жандардың жұмақта мәңгі рахатқа кенелуі, керісінше нәпсінің құлына айналып, қысқа ғана өмірін ойын-сауықпен босқа өткізген пенделердің тамұқта азапталуы, ақырзаман жақындағанда пайда болатын белгілер: Иса ғалейһи саламның көктен түсірілуі, әзірет Мәдінің шығуы, Дажжалдың елді азғыруы, Иәжүж-Мәжүж қауымының жер бетін қаптауы сынды мәселелер кезек-кезегімен суреттеледі. Сондай-ақ, Жәбірейіл, Өзірейіл, Исафил және Микайыл секілді үлкен періштелер мен жұмақ-тамұқ періштелерінің қиямет қайымда атқарар іс-әрекеті сынды мәселелердің қисынын келістіріп, оқырманға жеңіл әрі түсінікті етіп береді.

Өмірінде өзінің қайдан, қалайша пайда болғанын және қайда баратынын, өмір сүрудегі мақсатын түсінген әрбір адам міндетті түрде осыншама тылсым дүниенің өз-өзінен пайда болмағанына көз жеткізіп, Ұлы Жаратушысын мойындайтыны ақиқат. Бұл мойындау адам баласы сенімінің шыңы болған таухид яғни, бір Алладан басқа жаратушының болмауы және оның ешбір теңдесі жоқ екендігіне сенумен жүзеге асады.

Ақын шығармасын Ұлы Жаратушыға мадақ, Пайғамбарға (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) салауат айта отырып бастайды да оқырманның бойындағы таухид сенімін тағы бір бекемдеп алу мақсатында Қасиетті Құранның ең қысқа, бірақ мағынасы жағынан жоғарыда аталған таухид мәселесін түсіндіретін “Ықылас” сүресінің Алла елшісі, пайғамбарымыз Мұхаммедке (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) түсу тарихы және оның қасиетін баяндаумен жалғастырады.

Құдайға хамді бихад сәна сансыз,
Бимысал, бибәдәл-дүр Ол мекенсіз.
Алланың бірлігіне тасбих айтар,
Жаралған күллі әлем, жанды-жансыз.
Барлығы зікір етеді есімі затын,
Әрбірі бір ләфзде айтар атын.
Құранда сүре “Ықылас” аятында,
Білдірген құдіретімен Өз сипатын[4., 6]

Оқырман сенімін бұл әдіспен қайта пысықтап алуының себебі, егер оқырман осы баста Аллаға деген сенімінде әлсіздік болса, оған шығарманың қалған бөлігін оқудың қажеті шамалы екендігін ақын жақсы біледі. Сондай-ақ, Қасиетті Құранды оқып үйренген әрбір адам Оның пайғамбарымыз Мұхаммедке (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) қырық жасынан бастап 23 жыл бойы шынайы өмірде болып отырған оқиғаларға байланысты түсіп отырғанын түсінеді. Ақын жырлап отырған хикая да сол шынайы өмірде болған оқиғалар негізінде суреттеледі. Бұл өз кезегінде шығарманың шынайылығын ашып көрсетеді.

Аталған шығарма көптомдықтың 89-91 томдарынан орын алды. Сондай-ақ 2014 жылы ақынның “Фикһ Кайдани”, Хикаят Әбу Дарда, Үш патша атты шығармалары мен “Шәді төренің шығарғаны”, “Әсиетнама” атты дидактикалық өлеңдері көптомдық кітаптарының 226 томына енді.

“Фикһ Кайдани”. Шәді Жәңгірұлы бұл шығармасы арқылы қасиетті Ислам дініндегі құқықтық мәселелерді өлең жолымен оқушыға тереңінен жеткізіп насихаттайды. Шығарманың қай жылдары баспа бетін көргені белгісіз. Дегенмен Шәді ақын “Қамар-Заман” атты қиссасының соңында өзінің баспа бетін көрген және баспаға дайындалып жатқан еңбектерінің тізімін бере отырып “Фикһ Кайдани” шығармасын баспадан шыққан кітаптар қатарына қойған. Томдыққа енген шығарманың асылмәтіні Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы, Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан Шәді Жәңгірұлының жеке томдығына алынды.

“Хикаят Әбу Дарда”. Шәді ақын дидактикалық сарынмен жырлаған бұл шығармасы арқылы Алла елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) заманында өмір сүрген Әбу Дарда (р.а.) атты сахабаның өмірі, тақуалығы жайлы баяндай отырып, оқушысын имандылыққа, тақуалыққа жетелеп отырады. Қолжазба мәтіні Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы, Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан алынып томдыққа енгізілді. Мәтін көшірмесі Қазығұрт ҒЗО-ның қолжазба қорында сақтаулы. Мәтін соңында: “Араб әрпімен жазылғаннан көшірген Болатов Мәди, Жезқазған қаласы, 1975 жыл” деген жазу бар.

“Үш патша”, “Шәді төренің шығарғаны”, “Әсиетнама” атты шығармалары мәтіні Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы, Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан Шәді Жәңгірұлының жеке томдығына алынды. Әсиетнаманың үстіңгі жағында: “Бұл әсиетнаманы басында жазған Шәді төре Жаһангерұлы екен, содан Ағайдар Дауылбайұлы (қосымша аты Ғаріп қалпе) жазып алыпты. Ғаріп қалпенің араб әрпімен жазған қолжазбасынан көшірілді”, деген жазу бар[5., 179].

“Қисса Ибраһим Халилолла”, “Бақыл сары” дастаны, “Шәдінің болыс Қалмамбайдан ат сұрап жазған өлеңі”, Бәйбіше Сарғасқа Молдағалидың Шәдіге жазған өлеңі”, Кете Жүсіптің Шәдіге жазғаны, “Тұрмағамбеттің Шәдімен жұмбақ айтысы”, “Шәді төренің Отыншы Байға жазған өлеңі”. Аталған шығармалардың асылмәтіндері Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы, Ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар қорынан алынып, көптомдықтың 227 томында алғаш қазақ графикасымен басылым көрді[6., 175].

Көптомдықтың 228 томына ақынның “Хикаят Қамар уз-Заман” дастаны һәм “Қисса Балғам Бағур” шығармалары енгізілді.

Қисса Балғам Бағур. Қисса Қазан қаласындағы Домбровский баспаханасында 1915 жылы баспадан шыққандығы туралы асылмәтіннің алғашқы бетінде мәлімет берілген. ҚССРҒА тарапынан 1953 жылы тексерілгендігі туралы мөр басылған. Қисса асылмәтіні ҒА-ның қолжазбалар қорында 1185 папкада сақтаулы. Мәтін толығымен сол нұсқадан аударылды.

Хикаят Қамар заман. Қисса алғаш рет 1914 жылы Ташкент қаласында кітап етіп басылған. Кітаптың алғашқы беттеріндегі жазуларды оқыған кезімізде ең алдымен Шәді Жәңгірұлы бұл қиссаны парсы тілінен аударғандығын, сондай-ақ өзін лақап атымен “Сұлтаншаһ Жаһангерұғлы” деп таныстырғанын байқадық. Төменде асылмәтіннің алғашқы бетіндегі жазуларды өзгеріссіз аударма жасаймыз:

“Күллу жәдидун ләзизун” (кез келген жаңалық – ерекше ләззат). Мутаржим: Сұлтаншаһ Жаһангерұғлы, бірінші табаға (басылым). Беихтимам биширкати Саид Ахмад қожа қажы Сүлейменқожаұлы Кәрімжан Хакімжанұлының харажы илән. Ташкентте Саид Ахмет қажы Сүлейменқожаұлының, Түркістанда Кәрімжан Хакімжанұлының дүкендерінде сатыладүр. Мутаржимдан уә аның уарсаларындын ижазатсыз табаға етмак (басып шығаруға) мамнуғ (тыйым салынады)” деп жазылыпты. Қисса асылмәтіні ҒА ОҒК-ның қолжазбалар қоры, №799 папкада сақтаулы. Аударма сол нұсқадан жасалынды [7., 200].

Қорытынды. Қорыта келе айтарымыз, бүкіл өмірін адамзаттың рухани өркендеуі жолына сарып еткен, сол аса жауапты жолда Ислам дінін өзіне негізгі жолбасшы етіп ұстанған, ондағы фикх (құқық) пен ақида (сенім) мәселелерінен терең сусындаумен, қатар Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.)ның өмір жолынан үлгі алған Шәді төре бас аяғы 30-дан астам діни-дидактикалыққисса-дастандар мен жырлар жазып қалдырыпты. Өзінің 78 жыл ғұмырында небір қиындықтарды бастан өткерсе де, ешқайсысына мойымай, тек ақиқатты жырлап өткен ақын ұрпағына ғылым нұрын таратқанын мына бір жайдан да көруге болады. Өмірден озғаннан соң жиырма бес жыл өтіп мәйітін қайта жерлеу қажеттілігі туындайды. Қабірін қайта ашқан жұртшылық ақын денесінің шірімей, сол қалпында жатқандығына, тек сақал-мұртының аздап өскендігінің куәсі болады. Қайран, Шәді ақын. Алла рахметіне бөлеп, бұл дүниеде жасаған ізгі амалдары алдынан жарылқасын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1) Өмірзақов С.Д. *Қоқан басқыншылығы дәуіріндегі қазақ әдебиеті (монография) – Шымкент: “Алтын шаңырақ”, 2018. – 312 б.- кітап*
- 2) Шәді Жәңгірұлы, Әмір Әмзе дастаны *“Қазыналы оңтүстік” көптомдығы, 83 том., Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 288 б.- кітап*
- 3) Абдиганбарова Ж. *“Шәді Жәңгірұлының діни, тарихи дастандары” фил. ғыл. кан.дис. – Алматы, 2010. – 153б.–кандидаттық диссертация*
- 4) Шәді Жәңгірұлы, *“Ахуалы қиямет”“Қазыналы оңтүстік” көптомдығы, 89 том. Алматы: Нұрлы әлем, 2012. – 312 б.- кітап*
- 5) Шәді Жәңгірұлы, шығармалары *“Қазыналы оңтүстік”көптомдығы, 226 том. Алматы: Нұрлы әлем, 2014. – 312 б.- кітап*
- 6) Шәді Жәңгірұлы, шығармалары *“Қазыналы оңтүстік” көптомдығы, 227 том., Алматы, // Нұрлы әлем, 2014 жыл.- кітап*
- 7) Шәді Жәңгірұлы, шығармалары *“Қазыналы оңтүстік” көптомдығы, 228 том., Алматы, // Нұрлы әлем, 2014 жыл.- кітап*

ГТАХР 17.01.09

А. Ақжолова¹, Ж. Исина², Ж. Қуандықова³

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан,
^{2,3}Баишев университеті,
Ақтөбе, Қазақстан

Ж. НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Ж.Нәжімеденов поэзиясының көркемдік ерекшеліктері жөнінде айтылған. Ж.Нәжімеденов поэзиясы – бейнелі, өзіндік үні мен интонациясы өзгелерден оқшау, өзгеше, көркемдік-стильдік тәсілдері тағы да ерекше, нұсқалы поэзия. Суреткер қазақ поэзиясын өзіндік жаңа эпитеттер, теңеулермен, өлең өрнегіне дыбыстық әсем айшықтарымен байытқан. Құбылтудың метафора, кейіптеу, символ, аллегория, метонимия, юмор, ирония, сарказмдарын сан алуан түрін жасады. Сонымен қатар, ол өзін сатирик ақын ретінде де таныта білді. Жұмекең Нәжімеденов – қазақ әдебиетінде астарды сөз тіркестерін құрудың, астарлы ойға өлең тудырудың шебері. Бұлардың бәрі – ақынның ешкімге ұқсамайтын стильдік ерекшелігі.

Түйін сөздер: поэзия, ақын, афоризм, ассонанс, аллитерация, эпитет, метафора

A. Akzholova¹, Zh. Issin², Zh. Kuandikova³

¹Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan
^{2,3}BaishevUniversity,
Aktobe, Kazakhstan,

ARTISTIC FEATURES of ZH. NAZHIMEDENOV's POETRY

Abstract

The article deals with the artistic features of Zh. Nazhimedenov's poetry. Zh. Nazhimedenov's poetry is an imaginative, original melody and intonation that differs from others, has its own artistic and stylistic methods, original, variable poetry. The artist enriched Kazakh poetry with his new epithets, equalities, and colorful sound patterns in an expressive performance. He created a variety of metaphors, charm, symbol, allegory, metonymy, humor, irony, sarcasm. He also established himself as a satirical poet. Zhumeke Nazhimedenov is a master of creating phrases in Kazakh literature, creating poems on purpose. All this characterizes the originality and individuality of the poet's style.

Keywords: Poetry, poet, aphorism, assonance, alliteration, epithet, metaphor

A. Ақжолова¹, Ж. Исина,² Ж. Қуандықова³

¹Казахский национальный педагогический университет им. Абая,
Алматы, Казахстан
^{2,3}Университет Баишева,
Актобе, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОЭЗИИ Ж. НАЖИМЕДЕНОВА

Аннотация

В статье говорится о художественных особенностях поэзии Ж. Нажимеденова. Поэзия Ж. Нажимеденова-образная, своеобразная мелодия и интонация, отличающаяся от других, имеющая свои художественно-стилевые способы, оригинальная, вариативная поэзия. Художник обогащал казахскую поэзию своими новыми эпитетами, равенствами, звуковыми красочными узорами в